

Бүркіт ЫСҚАҚОВ.

# КОМСОМОЛ БИЛЕТІ

Жауапта, жау алдында тұр жас жігіт,  
Тіл катпай, мойын сұнбай дұшпанына.  
Жендеттің сұр жыландай түсі суық.  
Қарамай қаһарына, қыспағына.

Жауыз жау сезді, білді түк шықпасын,  
Азаптап, корлағаннан, қыйнағаннан.  
Тартып ол ақырғы рет трубкасын, —  
Қарады, бейне өлімге қыймаған жан.

Ұсынып комсомолдық көкшіл билет,  
Деді ол: — Билетіңді ал, бірақ тыңда!  
Қайтесін көк қағазды, неге керек?  
Одан да қолынмен құрт, таста жырт та!

Қаласың сонда аман өзің де, үйің...  
Сүресің бақытты өмір жылдар ұзақ.  
Билет ше? Емес тамақ, емес киім, —  
Тек қағаз—мыйды ашытқан, басыңды улап.

— Жок! — деді жас комсомол, — сөзің  
ағат!

Билеттің сезбейсін сен хасиетін.  
Есіме менің билет күнде салат:  
Көсематын, бейнесін, өсиетін.

Баулыған бала жастан ұлы Отанды —  
Сүйеге,  
оған еңбек етуге адал.

Қорғауға ел намысын қыйып жанды,  
Жау түгіл бас имеуге, алдында ажал!

Жас күнімнен жадыма нұрын құйған,  
Сәуле сепкен жаныма, жүрегіме.  
Билетіммен бірге мен болсам құрбан,  
Арман етпен!  
Жеткенім тілегіме!

— Жарайды, — деді жендет, — бала  
жастан  
Бірге өссең, ауыр болар жырту қолмен.  
Тастай ғой онда оны суға аққан.  
Қылмысың кешірілсін тек сонымен.

— Жок, жендет! Білем сенің ниетіңді!  
Азғырма!

Арам ойың орындалмас!  
Лениннің суреті бар билетімді  
Тастауға суға әсте қолым бармас!

— Ендеше, — деді жендет, — өз қолыңмен  
Сала ғой билетіңді жанған отқа.  
Бітеді сұрақ, қыспақ тек сонымен,  
Сонда жоқ саған өлім, азап, сот та.

— Әзәзіл, әуре болма, азғырма сен,  
Іске аспас, өрге баспас сыйқыр сөзің.  
Салғанша билетті отқа өз қолыммен,  
Өлгенім артық отқа түсіп өзім.

Сонымен сұрақ бітті.  
Көзі жетті —  
Дұшпанның,  
жас жігіттің азбасына.

Жан-жақтан найза жайша жарқ-жұрқ етті.  
Апарды айдап оны дар басына.\_

Өлді ол батырлықпен қабак шытпай,  
Бағынбай, басын имей жауыз жатқа.  
Өлді ол билетіне кір жуытпай,  
Дақ салмай комсомолдық ардақты атқа.